**«Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жетісу» туристік ақпараттық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Талдықоған қаласы** **2025 жылғы 20 қаңтар**

**«Сыбайлас жемқорлық және оның жеңу жолдары»**
**ТАҚРЫБЫ БОЙЫНША БАЯНДАМА:**

***Қатысушылар:***
1. Әкімшілік-шаруашылық бөлімінің басшысы, есепші - Бекешова Н.М.
2. Әкімшілік-шаруашылық бөлімінің заңгер, мемлекеттік сатып алушы - Оспанова А.А.
3. Әкімшілік-шаруашылық бөлімінің кадр маманы - Мейрембекова Э.Б.
4. Ақпаратпен қамтамасыз ету бөлім басшысының м.а. Санатқызы Г.
5. Ақпаратпен қамтамасыз ету бөлімінің маманы Караулолва Д.М.
6. Ақпаратпен қамтамасыз ету бөлімінің маманы Көшкінбай Н.Ж.
7. Жобалау және іс-шараларды ұйымдастыру бөліміның маманы - Курманов М.
8. Жобалау және іс-шараларды ұйымдастыру бөліміның маманы - Баубеков М.С.
9. Жобалау және іс-шараларды ұйымдастыру бөліміның маманы - Чаймұрат Д.А.
10. Маркетинг бөлімінің басшысы - Ивкин А.Н.
11. Маркетинг бөлімінің маманы - Бекмұратов С.Д.
12. Маркетинг бөлімінің маманы - Тахиров Т.Е.
13. Маркетинг бөлімінің маманы - Серкин Я.А.

**Құрметті қатысушылар!**

Алғашқы сөзімді қазақ даласынан ғұламасы, тарихшы, философ Шәкәрім Құдайбердіұлының бір шумақ өлеңімен бастасам деп едім.

*Адамдық борышың –*
*Халқыңа еңбек қыл.*
*Ақ жолдан айнымай*
*Ар сақта, оны біл.*

Шәкәрім Құдайбердіұлының айтқандай халқымызға ар-абыроймен қызмет етіп, мемлекетіміздің өркендеуі жолында аянбай адал еңбек етуіміз қажет.

Мәдениеті мен экономикасы биік, азаматтарының тұрмысы жағдайы жоғары мықты ел болу жолындағы әрекеттерімізге үлкен зардабын тигізетін құбылыстардың бірі ол жемқорлық. Сол үлкен дертпен күресу жолдары жайлы баяндама жасауыма рұқсат етулеріңізді сұраймын!

Сыбайлас жемқорлық - барлық елдер басынан өткерген ауыр құбылыс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып табылатынын атап өтті. Оның ойынша, құқықтық мемлекет орнатып, нақты құқықтық мемлектет құру үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлықты жою қажет. Мемлекет басшысы соңғы жылдары бұл бағытта маңызды қадамдар жасалды деп есептейді. Президент азаматтар арасында түсіндіру жұмыстарын күшейтуге шақырды. Сыбайлас жемқорлықпен күресуге бүкіл қоғамды жұмылдыру қажет. «Жемқорлық - індет, онымен күресу – міндет» қағидасын бұқаралық санаға енгізу

арқылы, мәселесін барлық мемлекеттік органдар бірлесіп шешуі керек. Қасым-Жомарт Тоқаев сондай-ақ мемлекеттік аппаратқа жобаларды басқару қағидаттарын енгізуді жалғастыру маңызды деп санайды. Барлық мемлекеттік органдар жұмыстың жаңа форматтарын белсендірек зерттеп, оларды іс жүзінде қолдануы қажет.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа «мүлдем төзбеушілік» идеологиясын қалыптастыру және оны құбылыс ретінде жою. Жаңа доктринада сыбайлас жемқорлықпен күресу баршаның міндеті екені тікелей айтылған. Адамзат жемқорлықпен күресуде айтарлықтай тәжірибе жинады. Дегенмен, балалық шақтан дарыған адамгершілік құндылықтар бірінші орында тұруы керек. Сондықтан бағдарламада отбасы мен білім саласына бірінші кезекте мән берілгені өте маңызды.

Біздің болашақ ұрпағымыз сыбайлас жемқорлықты жалпыға бірдей зұлымдық ретінде қабылдамаудың негіздерін ана сүтімен қабылдауы керек. Жас ұрпақ үшін материалдық игіліктер, еңбек сіңірген жетістіктер мен білімнің маңызы зор болуы керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін бағдарлама идеологиялық брендті ілгерілетуді ұсынады «Жемқорлықсыз ел - гүлденген ел» Сыбайлас жемқорлық сияқты әлеуметтік зұлымдыққа қарсы тұруға азаматтық қоғам институттары, ең алдымен, азаматтардың қоғамдық өз үлесін қосуы тиіс екені даусыз. Олардың көмегімен мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың жұмысында ашықтыққа қол жеткізуді, сыбайлас жемқорлықты тудыратын кемшіліктерді анықтауды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың әрбір фактісін жұртшылыққа жария етуді қамтамасыз ететін осындай заңнамалық нормаларды қалыптастыруға және енгізуге болады.

Қолданыстағы заңнаманы жетілдірумен қатар, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қоғамдық бақылау туралы» және «Ақпаратқа қолжетімділк туралы» жаңа заңнамалық актілерді қабылдау әзірленуде. Бұл заңдарда халықаралық тәжірибені ескере отырып, сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күресуге емес, оның себептері мен жағдайларын жоюға баса назар аудару қажет.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттің ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Ұзақ тарихи перспективаға арналған сыбайлас жемқорлықтың таралуын және өзін-өзі жаңғыртуын шектеудің іргелі тұрақты ұлттық негіздерін құру қажет. Сыбайлас жемқорлықты жою - халқымыз бен мемлекетіміздің іргелі құндылығы - Тәуелсіздікті нығайтудың басты шарты.

Жемқорлықпен күрес ол әр азаматтың, әр қызметкердің басты парызы. Сол парымызға берік болып басқаларды мысалға алып алмай өзімізден бастауымыз қажет. Осыған мысал ретінде соңғы сөзімді Сұлтанмахмұт Торайғыров атамыздың бір шумақ өлеңі жолымен тәмәмдасам:

*Қараңғы қазақ көгіне,*
*Өрмелеп шығып, күн болам!*
*Қараңғылықтың көгіне,*
*Күн болмағанда, кім болам?*

**Комплаенс офицер** **М. Капасов**

# ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

| № | Т. А. Ә. | Лауазымы | Танысу күні | Қолы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Бекешова Н.М | бухгалтер | 23.01.2025 | |
| 2 | Оспанова А.А | мем. сатып алу | 23.01.2025 | |
| 3 | Санатқызы Гүлсана | ақпаратпен қ.е.б. | 23.01.2025 | |
| 4 | Көшкінбай Н.Ж | ақпаратпен.қ.е.б.м | 23.01.2025 | |
| 5 | Карашева Д.М | ақпаратпен қ.б.ж | 23.01.2025 | |
| 6 | Чаймурат Д.А | Жоспарлау және і.ш.ч. | 23.01.2025 | |
| 7 | Ивкин Я.Н. | маркетинг | 23.01.2025 | |
| 8 | Серкин Я.А | маркетинг | 23.01.2025 | |
| 9 | Тахиров Т.Е. | маркет | 23.01.2025 | |
| 10 | Курманов М.Е | орг. отд. | 23.01.2025 | |
| 11 | Баубеков М.С | орг. отдел | 23.01.2025 | |
| 12 | Бекмуратов С.Р | маркетинг | 23.01.2025 | |
| 13 | Мауленбекова Э.Б. | корр маман | 23.01.2025 | |
| 14 | | | | |
| 15 | | | | |
| 16 | | | | |
| 17 | | | | |
| 18 | | | | |
| 19 | | | | |
| 20 | | | | |